

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітілген»
Университет ректоры, т.ғ.д., проф
У.Уәбетов
« 23 / 11 / 2024ж. »
Қызылорда Университеті

МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Анықтамалар

Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

Университет жетары оқу орнындағы оқытушылар - білім беру бағдарламасын әзірлеу үшін университет дирекциясының оқу ішкі істерінің тәжірибелі және ақпараттық қабілеттері тиісті деңгейде болуы тиіс;

Оқу ішкі істері бағылы түрлері - ағылшын тілінде оқыту, қазақ тілінде оқыту, жетілдірілген бағылы;

Доктриналар (доктрина, доктриналар) - білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнындағы білімнің құрылымдарында және ақпараттық құрылымдарындағы оқыту әдістеріне негізделген тиісті деңгейдегі (аттестация) білім беру бағдарламасының ақпараттық бағылы және білім, іскерлік, дағды және құрылымдық деңгейі мен ақпараттық сапалылығы;

Жаңа оқу жоспары (бұдан әрі - ЖОЖ) - білім алушының білім беру бағдарламасының және ақпараттық ішкі істері және ақпараттық қабілеттеріне қолданылатын оқу жоспары және ақпараттық оқу жоспары;

Қабілеттілік - оқу орнындағы білім алушының пәні бойынша қабілеттілік және практикалық тұрғыда пайдалану қабілеті;

Мамандық қолдау - МЖБС-де бағалы және білім алушылардың қабілетін бағарлауға бағылған мамандық және білім алушының оқу ішкі істері және ақпараттық қабілеттері тиісті деңгейде болуы тиіс;

Жоғары оқу орны мамандығы (бұдан әрі - ЖО) - білім беру бағдарламасының ақпараттық деңгейі және ақпараттық қабілеттері оқу ішкі істері және ақпараттық қабілеттері тиісті деңгейде болуы тиіс;

Талау мамандығы - ЖОЖ-де мамандықтар мен мамандықтардың оқыту орнында, білім алушының ақпараттық қабілеттері және ақпараттық қабілеттері тиісті деңгейде болуы тиіс;

Оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі - ОЖЖ) - ЖОЖ-де білім беру бағдарламасының білім алушының және оқу ішкі істері және ақпараттық қабілеттері тиісті деңгейде болуы тиіс.

Қызылорда, 2024ж.

1. Жалпы ережелер

1.1 Қызылорда «Болашақ» университетінің магистратура туралы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) магистранттарды (білім беру бағдарламаларын) дайындау үшін жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті талаптары мен тәртібін айқындау мақсатында әзірленген.

1.2 Ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (өзгерістермен 27.08.2024ж.)

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрықтары мен ережелері.

1.3 Ереже жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың цикліне қатысатын барлық құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

1.4 Магистратура білім және ғылым жүйесін инновациялық жағдайларда кәсіби міндеттерді орындауға қабілетті және дербес ғылыми-зерттеу және басқару жұмыстарына дайын жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз етуге бағытталған.

1.5 Магистратураның оқу үдерісін жүзеге асыруды үйлестіруді және бақылауды жоғары мектеп декандары, Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі жүзеге асырады.

2. Анықтамалар

Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады.

Университет жоғарғы оқу орнының пәндер циклі - білім беру бағдарламасын әзірлеу үшін университет дербес белгілейтін оқу пәндерінің тізбесі және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдері;

Оқу үлгерімін бақылау түрлері - ағымдық бақылау, аралық бақылау, қорытынды бақылау;

Дескрипторлар (descriptors (дэскрипторс)) – білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің құзыреттіліктерде және академиялық кредиттерде қалыптасқан оқыту нәтижелеріне негізделетін тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын оқып аяқтауы бойынша алған білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы;

Жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) – білім алушының білім беру бағдарламасының және элективті пәндер каталогының негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына жеке жасайтын оқу жоспары;

Құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті;

Міндетті компонент – МЖБС-да белгіленген және білім алушылардың оқыту бағдарламасы бойынша міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;

Жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ЖЖОКБҰ дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;

Таңдау компоненті – ЖЖОКБҰ ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде білім алушының өздері таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;

Оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) – ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламасы мен білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде дербес әзірлейтін оқу құжаты;

Магистр – магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже;

Магистрант – магистратурадабілімалушытұлға;

Магистратура – кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;

Магистрлік диссертация – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы.

3. Белгілер мен қысқартулар

Осы ережеде төмендегідей қысқартулар қолданылады:

ҒЗЖ - ғылыми-зерттеу жұмысы;

МҒЗЖ - магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы;

ҚР ҒжЖБМ - Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ЖЖОКБҰ- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары.

4. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру

4.1 Магистратураға қабылдау 2018 жылғы 31қазандағы № 600 бұйрығымен «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» (соңғы өзгерістер мен толықтыруларымен) сәйкес жүзеге асырылады.

4.2 Магистратураның білім беру бағдарламаларына іске асыру жоғары оқу орындарының ғылыми зерттеулерінің тақырыптарын ескере отырып, жүзеге асырылады.

4.3 Магистранттар даярлау университетте ақылы негізде жүзеге асырылады.

4.4 Магистратурада кадрлар даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының базасында жүзеге асырылады. Бұл ретте «кіруде» магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы деңгейдегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; магистратураның білім беру бағдарламасы бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда, игеру үшін пререквизиттер белгіленеді. Қажетті пререквизиттер тізбесі мен оларды игеру мерзімдерін университет дербес анықтайды. Пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

4.5 Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру жүйесінде білім беру процесін жүзеге асыру Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандарттарға, Дублин дескрипторларына және Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес жүзеге асырылады.

4.6 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және ғылыми-зерттеу дайындығы бар жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар үшін жалпы және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

4.7 Жоғары оқу орындары ғылыми-зерттеу жұмыстарын қамтамасыз ету бөлімімен келісе отырып, магистранттар үшін тағылымдамадан өту орындарын, соның ішінде шетелдіктерді ұсынады. Тағылымдамадан өтуді университетте Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі үйлестіреді.

5. Магистратураның мазмұнына қойылатын талаптар

5.1 Білім беру мазмұнын, оқу процесін ұйымдастыру және өткізу тәсілін жоспарлауды ЖЖОКБҰ және ғылыми ұйым кредиттік оқыту технологиясы негізінде дербес жүзеге асырады.

5.2 Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұнымыналардан тұрады:

- 1) базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін зерделеуді қамтитын теориялық оқу;
- 2) магистранттарды практикалық даярлау: практикалардың, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың түрлері;

3) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу.

4) қорытынды аттестаттау.

5.3 Базалық (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер циклдері жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және таңдау бойынша компонент (бұдан әрі – ТК) пәндерінен тұрады.

5.4 Жоғары оқу орны компоненті және таңдау бойынша компонент пәндерінің тізбесін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды. Бұл ретте еңбек нарығының сұранысы, жұмыс берушілердің талабы, магистранттардың сұраныстары мен мүдделері ескеріледі.

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның барлық білім беру бағдарламаларының БП циклінің жоғары оқу орны компоненті «Ғылым тарихы мен философиясы», «Шет тілі (кәсіби)», «Жоғары мектеп педагогикасы», «Басқару психологиясы» пәндерін қамтиды.

5.5 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 35 академиялық кредитті құрайды. Олардың 20 академиялық кредиті ЖК-ға тиесілі.

5.6 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 53 академиялық кредитті құрайды.

6. Магистратурада оқу процесін ұйымдастыру

6.1 Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу теккүндізгі нысанда жүзеге асырылады. Магистранттың оқу жүктемесін анықтауда оқу жылы нысанын ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйым дербес айқындайтын академиялық кезеңдерден (семестр – 15 апта, триместр – 10 апта, тоқсандық – 7-8 апта), қорытынды аттестаттау кезеңінен (бітіру курсында) тұрады.

6.1.1 Академиялық күнтізбеде оқу жылы ішіндегі оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауды, кәсіптік практикаларды және оқу жұмысының басқа түрлерін өткізудің кезеңдері, демалыс күндері (демалыстар мен мерекелер) көрініс табады. Аралық аттестацияның/қорытынды бақылаудың ұзақтығы кемінде 2 апта. Оқу жылындағы каникулдың ұзақтығы кемінде 7 аптаны құрайды.

6.1.2 Магистратураның Академиялық күнтізбесін университеттің Академиялық мәселелер жөніндегі басқармасы әзірлейді. Бірінші курс білім алушылар үшін Академиялық күнтізбесі оқуға қабылдау туралы бұйрықтан кейін құрылады.

6.1.3 Магистранттардың оқу процесінің графигі Академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекіткен кестелермен реттеледі.

6.1.4 Білім алушылардың оқу сабақтарына қатысу үшін уақытылы тіркелуіне жауапкершілік Тіркеу офісінің қызметкерлеріне және эдвайзерлерге жүктеледі. Магистранттарды тіркеу жеке оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

6.2 Магистранттың кәсіби талаптары және ғылыми-зерттеу жұмысы.

Магистрлік бағдарламаның міндетті компоненті мыналар болып табылады:

1) магистранттарды практикалардың, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалардың түрлерін қамтитын практикалық даярлау;

2) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы.

6.2.1 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі тәжірибе – жоғары оқу орнында оқу процесінде алған теориялық білімін тиянақтауға, практикалық дағдылар мен құзыреттілікке, сондай-ақ озық тәжірибені меңгеруге бағытталған кәсіптік даярлаудың құрамдас бөлігі.

Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізілуі мүмкін практиканың екі түрін қамтиды:

1) БП циклінде педагогикалық – ЖЖОКБҰ -да;

2) бейіндеуші пәндер циклінде зерттеу – диссертация орындалған жерде.

6.2.2 Педагогикалық практика оқыту мен оқу әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Бұл ретте ЖЖОКБҰ қалауы бойынша магистранттар бакалавриатта сабақ өтуге тартылады.

6.2.3 Магистранттың ғылыми-зерттеу тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның соңғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми-зерттеудің заманауи әдістерімен, тәжірибелік мәліметтерді өңдеу және интерпретациялаумен танысу мақсатында жүзеге асырылады.

6.2.4 Магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның ең жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми-зерттеудің, экспериментті деректерді өңдеудің және түсінік берудің қазіргі заманғы әдістерімен танысу мақсатында өтеді. Зерттеу (өндірістік) практиканың мазмұны диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбымен айқындалады.

6.2.5 Магистранттың өндірістік практикасы оқу процесінде жинаған теориялық білімдерін бекіту, дағдыларды, құзыреттер мен оқыған білім беру бағдарламасы бойынша практикалық кәсіби қызмет тәжірибесін алу, сондай-ақ озық тәжірибені меңгеру мақсатында өткізіледі.

6.2.6 Магистратурада ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру біліктілігі жоғары ғылыми-педагогикалық кадрлармен, қажетті зертханалық, ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік базалармен қамтамасыз етілген жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады.

6.2.7 Магистратурада білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары бекітілген жеке жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Жоғары оқу орындары магистранттар жүргізетін диссертациялық зерттеу тақырыптарының білім беру бағдарламаларының ғылыми-зерттеу қызметінің бағыттарына сәйкес келуін қамтамасыз етуі және білім алушыларды жоғары оқу орындары мен университеттің ғылыми орталықтары жүзеге асыратын ғылыми жобаларға қатысу үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына тартуы қажет.

Магистранттардың ғылыми ізденістері білім беру үдерісін жалғастыру және тереңдету, сонымен қатар білім алушыларды даярлау бағыты аясында білім беру бағдарламасы бойынша жаңа зерттеу бағыттарын қалыптастыру болып табылады.

6.2.8 Ғылыми жетекшілер/кеңесші магистранттар білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін барлық қажетті жағдайларды жасауы керек (диссертациялық зерттеуді орындау процесінде кеңестер беру; ұсынылған материалдар бойынша кері байланыс жасау; қажет болған жағдайда білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге көмектесу; білім және ғылымның үшінші тарап ұйымдары, оның ішінде әлемге әйгілі шетелдік орталықтар; зерттеу нәтижелері бойынша басылымды дайындауға жәрдемдеседі).

6.2.9 Магистранттың ғылыми жетекшісі/кеңесшісі білім алушылардың орындаған диссертациялық зерттеуіне объективті баға беріп, диссертацияны қорытынды қорғау процедураларына дайындауы керек.

6.2.10 Білім беру бағдарламаларының басшылары бағдарламалардың сапасы мен тиімділігіне, білім алушылардың ғылыми тағылымдамадан өту, ғылыми-зерттеу және кәсіптік практикасы үшін негіздерді таңдауға жауапты.

6.2.11 Магистранттарды дайындайтын жоғары оқу орындары теориялық және қолданбалы зерттеулердің ауқымды бағдарламаларының бөлігі ретінде білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруы және алынған нәтижелерді апробациялау мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

6.2.12 Магистратурада білім алушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларына сәйкес семестрлер бойынша жүзеге асырылады. Әрбір академиялық кезеңнің соңында білім алушылар ғылыми жетекшінің/ғылыми кеңесшінің қатысуымен кафедра отырысында ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері туралы есеп ұсынады.

6.2.13 Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін магистрант жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді. Магистрантты академиялық

аттестаттаудан өткізу рәсімін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды. ЖЖОКБҰ магистранттың зерттеу нәтижелерін жариялауына көмек көрсетеді.

6.2.14 Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының соңғы қорытындысы магистрлік диссертация болып табылады.

6.2.15 Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті саладағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті өту қарастырылады. Ғылыми тағылымдамадан өту орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағытына және зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Тағылымдама бағдарламасы мен апталық жоспарын ЖЖОКБҰ тағылымдама өтетін ұйыммен бірлесіп бекітеді. Тағылымдама бағдарламасы білім беру және ғылыми компоненттердің болуын қамтиды.

Шетелде тағылымдамадан өткен жағдайда, тағылымдама халықаралық рейтингтерге енгізілген жетекші ғылыми ұйымдарда және ЖЖОКБҰ-да, соның ішінде тиісті бағытта (by Subject (бай сабджект)) жүзеге асырылады.

Тағылымдаманың ұзақтығы кемінде күнтізбелік 14 күнді құрайды.

6.2.16 Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар: 1) магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі; 2) өзекті, ғылыми жаңалығының және практикалық маңызының болуы; 3) ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі; 4) ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдана отырып орындалуы; 5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы; 6) тиісті білім беру саласында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделуі қажет.

6.2.17 Әрбір оқу жылының соңында жоғары оқу орындары өздерінің өндірістік практикасының, білім алушылардың шетелдік ғылыми кеңесшілерінің жұмысының тиімділігіне талдау жасайды және қажет болған жағдайда қажетті түзету шараларын қабылдайды.

6.2.18 Магистранттың ғылыми-педагогикалық бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері зерттеу тақырыбы бойынша басылымдарда ұсынылуы керек. Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері ең кемі бір жарияланымда және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияға қатысуында көрінуі тиіс.

6.3 Оқу жүктемесі магистранттың оқу пәнін, модулін немесе магистратураның бүкіл білім беру бағдарламасын оқуға қажетті және білім беру саласында белгіленген оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті уақытпен өлшенеді.

Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитке және бір оқу жылында кемінде 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Бұл ретте білім алушы бір семестр ішінде кемінде 30 академиялық кредитті меңгереді.

6.3.1 Оқу жүктемесі магистранттың барлық оқу қызметін қамтиды – дәрістер, семинарлар, топтық сабақ, топтық жаттығулар, практикалық сабақтар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық және зертханалық жұмыстар, студиялық сабақтар, практика, ғылыми немесе кәсіптік тағылымдама, ғылыми-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны, өзіндік жұмысты, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен орындау.

6.3.2 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының Оқу жоспарларын университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Ректор бекітеді.

6.3.3 Магистранттың жеке жұмыс жоспары оқудың барлық кезеңіне құрастырылады. Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін магистрант жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді. Магистрантты академиялық аттестаттаудан өткізу рәсімін университет дербес айқындайды. Магистрант ғылыми жетекшінің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды. Магистранттың жеке жұмыс жоспарының құрылымын университет дербес айқындайды.

6.3.4 Жеке оқу жоспарын білім алушы және оның ғылыми жетекшісі құрастырады, Тіркеу офисімен келіседі және жоғары мектеп деканының бекітуіне ұсынады. Бір данасы бекітілгеннен

кейін білім алушыда қалады, екінші данасы Тіркеу офисіне, үшіншісі Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне беріледі.

6.3.5 Жоғары мектеп декандары жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне уақытылы ақпарат бере отырып, білім алушылардың жеке жұмыс жоспарларын уақытылы бекітуге жауапты.

6.4 Ғылыми жетекшілерді/ғылыми кеңесшілерді тағайындау. Магистрант қабылданғаннан кейін екі ай ішінде университет басшысының бұйрығымен Ғылыми кеңестің шешімі негізінде магистрлік диссертацияның тақырыбы бекітіледі және ғылыми жетекші тағайындалады.

6.4.1 Магистрлік диссертацияларға жетекшілікті даярлық бағытының тиісті бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі және (немесе) PhD философия докторы/бейіні бойынша докторы (академиялық) дәрежесі бар, кемінде 3 (үш) жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми жарияланымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың және JCR (ZhSR) бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded дерекқорларының (Science Citation Index Expanded), Social Science Citation Index (Social) бірінде индекстелген Web of Science Core Collection (Web of Science Core Collection) ішіндегі Science Citation Index) немесе Arts and Humanities Citation Index (Arts and Humanities Citation Index) немесе Scopus дерекқорындағы CiteScore пайыздық ұпайы кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланған ғылыми журналда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған кемінде 1 (бір) ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар жүзеге асырады.

6.4.2 Магистранттың ғылыми жетекшісі/ғылыми кеңесшісі ауыстырылған жағдайда, ғылымның әртүрлі салаларына консультанттар тағайындалған жағдайда, зерттеу тақырыбы өзгерген жағдайда жоғары мектеп деканының ұсынысы бойынша шешімді университеттің Ғылыми кеңесі қабылдайды.

6.5 Ұйымдастыру және аралық және қорытынды аттестацияны өткізу

Магистратура білім алушылардың үлгерімін аралық бағалау білім алушылардың оқуды аяқтағаннан кейін емтихан түрінде оқу пәнін меңгеру сапасын бағалау үшін жүзеге асырылатын және ағымдағы, межелік және қорытынды бақылауды қамтитын рәсім.

Қорытынды аттестаттаудың мақсаты магистратураның білім беру бағдарламасын оқып аяқтағаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелері мен меңгерілген құзыреттерді бағалау болып табылады.

Қорытынды аттестаттау ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 8 академиялық кредитті құрайды және магистрлік диссертацияны қорғау түрінде жүргізіледі.

6.5.1 Аралық аттестация (ағымдағы, маңызды кезең, қорытынды)

6.5.2 Білім алушылардың жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын меңгеруінің ағымдағы мониторингі білім алушылардың білім беру бағдарламасының білім беру компонентін игеру көлемі мен деңгейін, ғылыми-зерттеу бағдарламасының іске асырылуын және кәсіптік тәжірибелерді бағалау мақсатында жүзеге асырылады.

6.5.3 Магистратура білім алушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарына ағымдағы бақылауды магистранттардың ғылыми жетекшілері жүзеге асырады. Ағымдағы бақылауды бағалау бойынша магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін білім алушылар әр семестрдің соңында есеп түрінде жасайды. Нақты академиялық кезеңде ҒЗЖ орындауға бөлінген кредиттер саны оқу жоспарымен анықталады.

6.5.4 Межелік бақылау (МБ) - академиялық кезеңнің ортасында және соңында жүргізілетін білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру, оның барысында ағымдағы бақылау нәтижелерін қамтитын және МБ нәтижелерін аттестаттау парағына қоятын пәнді оқу жүзеге асырылады.

6.5.5 Әрбір оқу пәні бойынша қорытынды бақылауды (емтиханды) өткізу нысаны мен тәртібі университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

6.5.6 Емтихандық сессияларды қорытынды бақылау кезеңдерінің ұзақтығы және емтихандар саны білім беру бағдарламасының бекітілген оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес анықталады.

Емтихандық сессияларды ұйымдастыру және өткізу жоғары оқу орындарының деканаты мен Тіркеу офисінің құзырында. Емтихан кестесі бекітіледі.

6.5.7 Білім алушыларды емтихан сессиясына жіберу ЖОО жоғары мектеп деканының өкімімен рәсімделеді.

6.5.8 Білім алушылардың практиканы өту нәтижелерін бағалауы теориялық дайындықтағы бағаларға теңестіріледі, жалпы GPA есептеу кезінде және студенттерді келесі оқу курсына ауыстыру кезінде ескеріледі.

6.5.9 Практика бойынша қорытынды баға тағылымдамадан өтушінің практиканы аяқтағаны туралы есебін қорғау нәтижелері бойынша және практика жетекшілері ұсынған тыңдаушының пікірлері мен кәсіби сипаттамаларын ескере отырып қойылады.

6.5.10 МҒЗЖ қорытынды бақылау қорғау түрінде жүзеге асырылады.

6.5.11 Магистранттарды оқудан шығару, қалпына келтіру және ауыстыру тәртібі университеттің Академиялық саясатымен реттеледі.

6.6 Білім алушылардың қорытынды баллы

6.6.1 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау магистранттың игерген білімінің, іскерлігінің, іскерлігі мен дағдысының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін анықтауға бағытталған оқу жетістіктерін бақылау нысаны болып табылады.

6.6.2 Қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбе бойынша білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларында көзделген мерзімдерде жүргізіледі және диссертация қорғауды қамтиды.

6.6.3 Магистрлік диссертацияларды қорғауды аттестаттау комиссиясы жүзеге асырады және магистранттардың диссертацияларды қорғауы ережемен реттеледі. Магистрлік диссертацияның мазмұны мен ресімделуіне, оларды дайындау мен қорғауға қойылатын талаптарды ЖЖОКБҰ өзі айқындайды.

Магистрлік диссертация міндетті түрде плагиатқа тексерілуден өтуі тиіс, мұндай тексерісті жүргізу қағидалары мен тәртібін ЖЖОКБҰ-ның өзі анықтайды.

Магистрлік диссертацияны қорғау магистрлік диссертацияны ресімдеуді және қорғау рәсімін қамтиды.

Магистрлік диссертацияны қорғау рәсімін ЖЖОКБҰ және ғылыми ұйым дербес айқындайды.

6.6.4 Магистрлік диссертацияны қорғау қорытынды аттестацияға ұсынылмаған жағдайда, магистрант аттестациядан өтпейді, теориялық курсты аяқтаған және қорытынды аттестациядан өтпеген ретінде оқудан шығарылады.

6.6.5 Қорытынды аттестациядан өткен, магистратураның кәсіптік оқу жоспарын меңгергенін растаған және АК шешімімен магистрлік диссертациясын ашық қорғаған магистрантқа бейініне сәйкес магистр академиялық дәрежесі беріледі. Тиісті білім беру бағдарламасы бойынша және қосымшасымен (транскриптімен) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом беріледі.

6.6.6 Магистранттардың дипломдары мен оларға транскрипттердің толтырылуының дұрыстығы үшін жауапкершілік жоғары оқу орындарының декандарына, университеттің Тіркеу офисіне жүктеледі.

6.7 Магистрант даярлық деңгейіне қойылатын талаптар

Магистрантты даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білім берудің екінші деңгейдегі (магистратура) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және қол жеткізілген оқыту нәтижелеріндегі меңгерілген құзыреттерді көрсетеді.

Оқыту нәтижелері барлық магистратураның білім беру бағдарламасының деңгейіндегі сияқты жекелеген модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде де тұжырымдалады.

6.7.1 Дескрипторлар білім алушының:

1) зерттеу контексінде идеяларды әзірлеу және (немесе) қолдану кезінде оқытылып отырған саланың озық білімдеріне негізделген осы саладағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді көрсете білу;

2) жаңа ортада, барынша кең пәнаралық контексте проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен қабілетін кәсіби деңгейде пайдалана білу;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру;

4) мамандарға, сондай-ақ маман еместерге ақпаратты, идеяны, қорытындыларды, проблемаларды және шешімдерді нақты және тиянақты түрде хабарлау;

5) зерделеніп отырған салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларының болу қабілетін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді.

6.7.2 Магистратурада оқу мерзімі меңгерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Магистр дәрежесін алу үшін академиялық кредиттердің белгілеген көлемі меңгеріліп, күтілген оқыту нәтижелеріне қол жеткізілген жағдайда, білім беру бағдарламасы толық игерілген болып есептеледі.

6.7.3 Магистратурада кадрларды даярлау екі жылдан кем емес оқу мерзімімен ғылыми-педагогикалық бағыттағы жоғары білімнің білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

6.7.4 Магистратураның білім беру бағдарламасын аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен тұлғаларға «магистр» академиялық дәрежесі беріледі және оларға қосымшасымен (транскрипт) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом беріледі.

Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған тұлғаларға ЖОО арнайы үлгідегі білімі туралы құжат тегін беріледі.

7. Магистратура білім беру бағдарламалары білім алушылардың құқықтары мен міндеттері

7.1 Магистранттар жеке жұмыс жоспарында көзделген барлық жұмыс түрлерін уақытылы және сапалы орындауға міндетті.

7.2 Магистранттар – жеке жоспарларда қарастырылған жұмыстың әрбір кезеңінің соңында барлық қажетті жазбаша материалдарды белгіленген мерзімде тапсыру; өз жетекшілерінен/кеңесшілерінен алынған ескертулер мен кері байланысты есепке алу; есептерді ұсыну мерзімдерін сақтау (аяқталған оқу және ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмыстары, ғылыми тағылымдамадан өту және т.б.);

- тегінің, тұрғылықты жерінің және мекен-жайының өзгеруі туралы университеттің тиісті әкімшілік бөлімшелеріне уақытылы хабарлау;

- кеңесшілермен туындаған мәселелерді уақытылы талқылау, оларды шешуде бастамашылық ету;

- белгіленген мерзімде диссертацияны жазуды аяқтау.

7.3 Магистранттар ғылыми жетекшілерді, консультанттарды табуға және басқа да ұйымдастыру мәселелерін шешуге көмек көрсету үшін білім беру бағдарламаларының басшыларына жүгінуге құқылы.

7.4 Магистрант пен оның жетекшісі/консультативтік комиссия мүшелері арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда магистрант даулы мәселелерді шешу үшін әдеп жөніндегі комиссияға жүгінуге құқылы. Қажет болған жағдайда университет Ғылыми кеңесі ғылыми жетекшіні/ғылыми кеңесшіні жетекшіліктен босату және магистрантқа жаңа ғылыми жетекші/ғылыми кеңесшіні тағайындау туралы шешім қабылдай алады.

7.5 Магистранттардың осы Ережеде көзделмеген өзге де құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

8. Жауапкершілік пен өкілеттік

8.1 Осы Ереженің орындалуына өз лауазымдық міндеттері шегінде магистрлерді даярлауды қамтамасыз ететін университеттің білім беру бағдарламаларының басшылары, жоғары оқу орындарының декандары жауапты болады.

КЕЛІСІЛДІ:
Академиялық мәселелер жөніндегі
проректор

Г.Ж.Снасапова

Академиялық мәселелер жөніндегі
басқарма басшысы

А.К.Мырзанова

Білім беру және педогогика
жоғары мектебінің деканы

Д.Ж.Серкебаев

Бизнес, техника және технология
жоғары мектебінің деканы

М.А.Ембергенов

Құрастырған:
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім
бөлімінің басшысы

А.Т.Еспенбетова